

## Депозиттерді кепілдендіру жүйесі туралы ақпарат

Депозиттерге кепілдік беру жүйесі (ДКЖ) әлемнің кез келген елінде бар және ол әдетте, жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Осылайша ДКЖ елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтауға ықпал етіп, азаматтардың банк секторына деген сенімін қолдайды.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі Қазақстанд 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, оның операторы Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКҚ) болып табылады. Қазақстан Ұлттық Банкі ҚДКҚ-ның құрылтайшысы және жалғыз акционері болып табылады.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі келесі негізгі принциптерге сүйенеді. Біріншіден, барлық банк операцияларын жүргізуге лицензия алған (депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашып/жүргізу) барлық банктер (оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент емес банк филиалдары) депозиттерге кепілдік беру жүйесіне міндетті түрде қатысады. Бұған "Al Hilal "Ислам Банкі" АҚ пен "Заман-Банк "Ислам Банкі" АҚ (Қазақстан Республикасының резидент емес-ислам банк филиалдары) екі ислам банкі кірмейді. ДКЖ қатысушы банктердің өзекті тізімі ҚДКҚ-ның [www.kdif.kz/depozity-i-garantiya/banks/](http://www.kdif.kz/depozity-i-garantiya/banks/) сайтында қолжетімді.

Екіншіден, лицензиясынан айырылған банк салымшыларымен есеп айырысу үшін ҚДКҚ-ның арнайы резерві негізінен қатысушы банктердің тоқсан сайынғы жарналары есебінен жинақтау негізде қалыптастырылады. Бұдан басқа қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҚДКҚ-ның 70% жарғылық капиталы мөлшеріне дейінгі төлемдер үшін пайдаланылуы мүмкін. Сондықтан жалпы төлем сомасы лицензиясынан айырылған банктегі депозит санына байланысты емес.

Бүгінгі таңда ҚДКҚ арнайы резерві жеткілікті, өйткені ҚДКҚ кепілдігі ДКЖ қатысушы банктердегі барлық салымдардың (шоттар, карточкалар, депозиттер) 99,8%-ын толығымен жабады. Жекелеген жағдайларда төлемге қабілетсіз банктермен жұмыс істеу жөніндегі бірқатар механизмдер, оның ішінде олардың активтері мен міндеттемелерін басқа банкке немесе ДКЖ қатысушы банктерге беру көзделуі мүмкін.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысу үшін салымшыларға (жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер) ҚДКҚ тарапынан кепілдік берілген өтемақы төлемін алу құқығын растайтын жеке құжатты ресімдеудің қажеті жоқ. ҚДКҚ кепілдігі қатысушы банкпен шот немесе банктік салым шарты жасалған сәттен бастап автоматты түрде туындайды. Ашылған сәттен бастап депозит ҚДКҚ қорғауында болады.

## Депозиттердің кепілдігі туралы

жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банктік шоттарындағы ұлттық және шетел валютасындағы салымдары мен қатысушы банктің барлық банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған күні есептелген осындай депозиттердің сыйақысы депозиттерге міндетті кепілдік беру объектілері болып табылады.

ҚДКҚ кепілдігі:

- депозиттерге, соның ішінде талап етілгенге дейін және шратты депозиттерге;
- ағымдағы шоттағы ақшаға;
- төлем карточкасындағы ақшаға;
- салым сыйақыларына (капиталдандырылған және есептелген) қолданылады.

Қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда банк шотының, карточканың және (немесе) депозит иесі оның кепілдікті өтемін алуға құқылы.

Бұл ретте кепілдік жеке тұлғалардың металл шоттарына, банк ұяшықтарындағы ақша мен құндылықтарға, заңды тұлғалардың депозиттік сертификаттары мен депозиттеріне, сондай-ақ ислам банктеріндегі депозиттерге қолданылмайды.

## Кепілдік сомасы туралы

ең жоғарғы кепілдендірілген сома валюта мен депозит түріне байланысты:

- 20 миллион теңге - ұлттық валютадағы жинақ депозиттері бойынша;
- 10 миллион теңге - жинақ депозитінен басқа ұлттық валютадағы барлық басқа депозиттер бойынша;
- 5 миллион теңге - шетел валютасындағы барлық депозиттер бойынша\*.

*\* Шетел валютасындағы депозиттің кепілдікті өтем сомасы қатысушы банктің барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған күні белгіленген валюта айырбастау бағамының баламасы бойынша төленеді.\**

Егер бір қатысушы банкте әр түрлі және әр түрлі валютадағы бірнеше депозит орналастырылса, онда барлық депозит сомаларының қалдығына кепілдік беріледі, әрбір депозит түрінің шегі ескерілген, 20 миллион теңгеден аспайтын кепілдікті өтемнің жиынтық сомасы төленетін болады.

Бірнеше банктердегі депозиттерге әр банк бойынша жеке кепілдік беріледі. Сондықтан өз жинағыңызды қорғау үшін депозиттерді әр түрлі банктерге орналастырған жөн.

### **Кепілдікті өтем төлемі туралы**

Салымшыларға төленетін кепілдікті өтем сомасы қатысушы банк барлық банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған күннен бастап 35 жұмыс күнінен кешіктірілмей төленеді. Лицензияны Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қайтарып алады. Бұл ақпарат сол күні Агенттіктің, Ұлттық Банктің және ҚДКҚ сайттарында, БАҚ және әлеуметтік желілерде пайда болады.

ҚДКҚ-ның кепілдікті өтем төлемінің басталуы мен тәртібі туралы, сондай-ақ кепілдікті өтем төлейтін агент-банктер туралы, төлеу кезеңі мен орындары не Заңда көзделген жағдайда кепілдікті өтем төлемін кейінге қалдыру туралы хабарландыру Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (Егемен Қазақстан, Казахстанская правда), сондай-ақ өзге де бұқаралық ақпарат құралдары мен ҚДКҚ интернет-ресурсында жарияланады ([www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)).

Кепілдікті өтем төлемінің басталатын күні көрсетілген хабарландыру ҚДКҚ - да жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайды.

Кепілдікті өтемді төлеу мерзімі төлем басталған күннен бастап 1 жылды құрайды. Кепілдікті өтемді алу үшін Сіз агент-банктердің тізімінен таңдалған агент-банкке қағаз жеткізгіште өтініш беруге құқылысыз.

Кепілдікті өтем Сіз растайтын құжаттарды қоса бере отырып, кепілдікті өтем төлеміне өтініш берген күннен бастап, 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей төленеді. Кепілдікті өтем төлеуге арналған өтініш нысандары мен растаушы құжат тізбесімен ҚДКҚ ([www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)) интернет-ресурсында таныса аласыз.

### **Талап етілмеген кепілдік өтем сомалары**

Салымшылардың талап етілмеген кепілдік өтем сомалары төлем басталған күннен бастап бір жыл ішінде олардың ерікті зейнетақы жарналары ретінде "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (БЖЗҚ) зейнетақы шоттарына аударылатын болады. ҚДКҚ бұл туралы салымшыларды кепілді өтеуді төлеу мерзімі аяқталғанға дейін 30 жұмыс күні бұрын БАҚ және өз сайты арқылы хабардар етеді. БЖЗҚ-ға аударылған кепілдікті өтем сомасы салымшының ерікті зейнетақы жарналары деп танылып, салық салудан босатылады (есептелген инвестициялық табысты қоспағанда). Ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бару қажеттілігінсіз автоматты түрде ашылатын болады. Төлем басталған күннен

бастап бір жыл бойы дәлелді себептермен өтемақы алуға өтініш бере алмаған салымшылар үшін ҚДКҚ-ға растайтын құжаттарын қоса тіркеп жазбаша өтініш беру арқылы кепілдікті өтем алу құқығы сақталады. Дәлелді себептердің тізбесі тікелей "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Заңда көзделген. Өтінішті банкті мәжбүрлеп тарату туралы бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне мәліметтер енгізілетін күнге дейін немесе егер оның кепілдікті өтем сомасы БЖЗҚ-ға аударылған жағдайда, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне салымшының құқығы басталғанға дейін берілуі мүмкін.

### **Ең жоғарғы кепілдендірілген сомадан жоғары**

ең жоғары кепілдендірілген сомадан асатын депозиттер бойынша ҚДКҚ тек белгіленген ең жоғары соманы өтейді, ал міндеттеменің кепілдік берілген ең жоғары сомасынан асатын өтелмеген депозит қалдығы бойынша банктің тарату комиссиясы қабылдайды. Тарату комиссиясының міндеттеріне: банкті жабуға дайындау, активтер мен мүлікті сатып, кредиторлармен, оның ішінде ең жоғары кепілдікті депозиттері бар салымшылармен есеп айырысу кіреді. Тарату комиссиясына кепілдік берілген ең жоғары сомадан артық төлеуге берілетін өтінішті жеке өзі немесе пошта арқылы беруге болады. Қағидалар бойынша өтініштерді ең қысқа қабылдау мерзімі – өтініштерді қабылдау басталғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай. Тарату комиссиясының байланыстары мен ол жүргізетін іс-шаралардың мәртебесі туралы ақпаратты салымшылар Агенттіктің, ҚДКҚ-ның және лицензиясынан айырылған банк сайттарынан таба алады.

### **Шетелдік банк филиалдарындағы депозиттер**

Қазақстан аумағында ашылатын шетелдік банк филиалдары депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашып/жүргізуге уәкілетті органның лицензиясын алған сәттен бастап депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болады. Осылайша шетелдік банк филиалдарында ашылған азаматтардың депозиттеріне де Қазақстан Республикасының резиденті емес ислам банк филиалдарын қоспағанда, ҚДКҚ кепілдігі беріледі